

**"Республикалық бюджет комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2018 жылғы 15 қаңтардағы № 10 қаулысына өзгерістер мен
толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 154 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 7 маусымдағы
№ 415 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.06.2025 № 415 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Республикалық бюджет комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2018 жылғы 15 қаңтардағы № 10 қаулысына мынадай өзгерістер мен
толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджет комиссиясы туралы
ережеде:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2008 жылғы 4
желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі (бұдан әрі –
Бюджет кодексі), Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де
нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ осы Ереже Комиссия қызметінің
құқықтық негізін құрайды.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Комиссия қызметінің мақсаттары";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Комиссия қызметінің негізгі мақсаты жоспарлы кезеңге арналған
республикалық бюджеттің жобасын уақтылы және сапалы әзірлеуді қамтамасыз
ету және республикалық бюджетті нақтылау, түзету және атқару жөнінде
ұсыныстар әзірлеу болып табылады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Комиссияның міндеттері мен функциялары";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) республиканың әлеуметтік-экономикалық даму болжамы жөнінде
ұсыныстар әзірлеу;

2) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының басым мақсаттары және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

3) мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобалары немесе стратегиялық жоспарға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобалары және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

4) жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджет жобасының көрсеткіштерін айқындау жөнінде ұсыныстар тұжырымдау;

5) республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

6) республикалық бюджетті нақтылау жөнінде ұсыныстар тұжырымдау;

7) бюджеттік мониторингін нәтижелерін, нәтижелерге жүргізілген бағалауды қарау және олар бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

8) республикалық бюджетті түзету бойынша ұсыныстар тұжырымдау;

9) Бюджет кодексінде және осы Ережеде көзделген өзге де өкілеттіктер болып табылады.";

5-тармақтың 2) тармақшасында:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері шығыстарының лимиттері, оның ішінде бюджеттік өтінімді жасау кезінде шығыстардың түрлері бойынша есеп айырысулар ұсынылмайтын орталық мемлекеттік органдардың базалық шығыстарының тізбесі,";

жиыrmасыншы және жиырма бірінші абзацтар алып тасталсын;

жиырма бірінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын және Қазақстан Республикасы Президентінің басқа да бастамаларын қаржыландыру үшін Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына резерв бөлу,";

4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Комиссияның құқықтары";

5-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"5-тарау. Комиссияны қалыптастырудың және оның қызметінің тәртібі";

6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Комиссияның қызметін тоқтату".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК